

№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы



Түзете-дамытушылық

Әдістеме: «Сирек кездесетін фигуралар»

Топтың аты: 4 жас тобы

2022-2023 оқу жылы

Хаттама №51

Топтың аты: 4 жас тобы

Тексерілген күні: 22.02.2023

Әдістеме: «Сирек кездесетін фигуралар»

Мақсаты:

Абстрактылау, сараптауға деген қабілетін дамыту; әрекеттерді орындау барасында ережені қатаң сақтауға баулу. Қарапайым фигуралардың сирек кездесетін, күрделі фигураға айналуларына көмектесу (қарапайым фигурадан күрделі жасау). Мұндай қайта жасаудың ережелері кестеге берілген. Әрбір фигураға арналған салу ережесі бар. Ересек адам сирек кездесетін фигураны құрудың ережесі берілген кестені көрсетеді

Нұсқауы:

Ол балаларға фигураның қандай ерекшелігіне қарау керектігін (пішініне), сирек кездесетін фигураны құруды қандай фигурадан бастау керектігіне көмектеседі (барлық бағыттар шығатын – үшбұрышты фигурадан). Тікбұрыштан екі бағыт шығады: біреуі төртбұрышқа, екіншісі үшбұрышқа. Бұл оған кез келген тұсынан төртбұрыш пен үшбұрышты орналастыру болатындығының белгісі. Төртбұрыштан шыққан бағыт дөңгелекке келеді-оған дөңгелекті құру керек. Тікбұрыштан шыққан бағыт та дөңгелекке бағытталған-оған да дөңгелекті құру керек. Ал дөңгелектен бір де бір бағыт көрсетілмеген, сондықтан оған ештеңені құрудың керегі жоқ. Осыдан кейін әр бала блоктарды біріне бірін қоя отырып, күрделі фигура сала бастайды. Ересектер балаларды бір-бірінікіне ұқсамайтын өзінше күрделі фигуралар салуға жетелейді. Осының нәтижесінде балаларда бір-бірінікіне ұқсамайтын әртүрлі күрделі фигуралар пайда болады:

Жұмыстарының соңында балалар фигураларын салыстырып, дәлсіздіктерді анықтайды, олардың қандай затқа ұқсайтындығын анықтайды.

Ойын қайталағанда басқа ережелер қолданылады

Балалар алдымен дайын ережені қолданады, соңынан олар ережені өздері ойлап таба бастайды, бұл ретте ересектер балалардың ынталары мен шығармашылықтарын өз тараптарынан марапаттау отырады.

Қорытындысы:

4-5 жас тобы «Сирек кездесетін фигуралар» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді. Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.

Зерттеуші: Педагог-психолог: Елшибекова. А.О

